

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық офтальмология ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Атырау қаласы «10» маусым 2025ж

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы; «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы; Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы, және осы бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік нұсқаулық және «Атырау облыстық офтальмология ауруханасы» ШЖҚ КМК (бұдан әрі - Кәсіпорын) директорының м.а. Д.Г. Ескалиевтың 18 наурыз 2025 жылғы № 65/1 бұйрығымен бекітілген офтальмология ауруханасының 2025 жылғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу» № 4 ҮББ жүзеге асырылуы Жоспарына және 2025 жылғы 09 сәуір № 75 н/қ бұйрығына сәйкес жұмыс тобымен, аурухана бойынша ағымдағы жылдың 17 сәуірден бастап 26 мамырды қоса алағанда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі - СЖТІТ) жұмыстары жүргізілді.

СЖТІТ келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) Офтальмология ауруханасының қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде (НҚА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:
 - 50 керуеттік офтальмология (стационар) бөлімінің, күндізгі стационар (стационар алмастырғыш), консультативті – диагностикалық медициналық көмек (КДМК), эксплуатация бөлімшенің қызметін, тағам ұйымдастыру қызметін, жалпы клиникалық персонал және зертхана қызметін қозғайтын НҚА-де сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар айқындалады.
- 2) Офтальмология ауруханасының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

- әкімшілік-басқарушылық персонал, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;
- мүдделер қақтығысын реттеу;
- мемлекеттік қызметтер көрсету;
- рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- мемлекеттік сатып алу;
- ӘБП қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

СЖТІТ келесі принциптер бойынша жүзеге асырылады:

1) объективтілік; 2) сенімділік; 3) ашықтық; 4) жан-жақтылық.

СЖТІТ жүргізу кезінде пайдаланылды:

ШЖҚ КМК «Атырау облыстық офтальмология ауруханасы» өз қызметінде «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Кодексі, "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік сатып алу туралы", «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Кодексі, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдарын, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасында офтальмологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 29 қарашадағы № 168 бұйрығы және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ, «Атырау облыстық офтальмология ауруханасы» Жарғысын және Ұжымдық шартты басшылыққа алады.

1. Офтальмология ауруханасының қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде (НҚА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

*** 50 керуеттік офтальмология (стационар) бөлімі:** Ішкі аудит бойынша дәрігер сараптамашының 2025 жылғы 1 тоқсандағы (қаңтар, ақпан, наурыз) аурухананың тәулікбойғы стационар жұмысының есебі ұсынылды. 2025 жылғы 1 тоқсан бойынша ауруханада стационарда жалпы саны - 435 науқас емделді, соның ішінде, қаңтар айында - 124 науқас, ақпан айында - 160 науқас, наурыз айында -151 науқас. Стационар бөлімінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

*** Күндізгі стационар (стационар алмастырғыш):** Ішкі аудит бойынша дәрігер сараптамашының 2025 жылғы 1 тоқсандағы (қаңтар, ақпан, наурыз) аурухананың күндізгі стационар (стационар алмастырғыш) жұмысының есебі ұсынылды. 2025 жылғы 1 тоқсан бойынша ауруханада күндізгі стационарда (стационар алмастырғыш) жалпы саны - 291 науқас емделді, соның ішінде,

қаңтар айында - 90 науқас, ақпан айында - 94 науқас, наурыз айында -107 науқас. Күндізгі стационар (стационар алмастырғыш) бөлімінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

*** Консультативті – диагностикалық медициналық көмек (КДМК) бөлімі:** Ішкі аудит бойынша дәрігер сараптамашының 2025 жылғы 1 тоқсандағы (қаңтар, ақпан, наурыз) аурухананың КДМК жұмысының есебі ұсынылды. 2025 жылғы 1 тоқсан бойынша КДМК бөлімінде жалпы саны - 5399 науқас, оның 3834 науқас – ересектер, 1565 науқас – балалар емделді, соның ішінде, қаңтар айында: 1418 науқас - ересектер, 614 науқас – балалар, ақпан айында: 1472 науқас - ересектер, 451 науқас – балалар, наурыз айында: 944 науқас – ересектер, 500 науқас – балалар дәрігер қабылдауында болған. Ішкі аудит бойынша дәрігер сараптамашының 2025 жылғы 1 тоқсандағы жұмысының есебі бойынша азаматтардан барлығы: 12 – шағым-арыз және 6 – алғыс түсті. Оның ішінде *e-Otinish* сайтына 4 – арыз, 3 – ұсыныс, 1 – шағым түсті, тіркелді, жауап берілді. Мазмұнына қарай арыз – шағымының 1-уі емдеу және диагностика жұмыстың сапасына қарай байланысты болса, 3-уі ұсыныс. Пациенттерді қолдау қызметі телефонына – 8 шағым түсті, уақытында қаралып, жауап берілді, негізсіз деп танылды.

КДМК бөлімінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Медициналық этика мен деонтологиялық қарым – қатынастардың бұзылуы болған жоқ. Әр бөлімшелерде этика және деонтология жөнінде семинарлар өтті. Еңбек тәртібін бұзу жөніндегі тексеріс жүргізуге қажеттілік болмады.

Ұсынымдар:

Ауруханада пациенттерге медициналық көмек көрсетуге байланысты болған әрбір медициналық инциденттерді, немесе аурухана қызметіндегі жағымсыз өзгерістерге әкелген және әкелуі мүмкін медициналық кез келген жағымсыз оқиғаны ішкі аудит бойынша дәрігер сараптамашыға хабарлап мәліметтер беріп отыру.

*** Эксплуатация бөлімшесінің қызметі. Шаруашылық бөлімі меңгерушінің жұмысындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Шаруашылық бөлімі меңгерушінің 2025 жылғы 1 тоқсандағы (қаңтар, ақпан, наурыз) жұмыс жасау (жоспар) есебі ұсынылды. Берілген есеп бойынша мемлекеттік сатып алу порталы арқылы келісім шарт негізінде жасалынған жұмыстар:

- жылу беру қазандарын тексеру;
- өрт қауіпсіздігін тексеру;
- бейне бақылау камераларын қадағалап тексеру;
- генератор қозғалтқыштарын тексеру;
- трансформатор ток жүйесін тексеру;

- шаруашылық жұмыстарды қадағалау, оның ішінде, аурухана ғимаратының құрылыс, жабдықтау, аурухананың жұмысқа жарамдылығын және тиісті жағдайын сақтау шаралары, техникалық қызмет, жөндеу жұмыстары.

- тұрмыстық заттарды есепке алу және жіберу, оның ішінде, қаңтар айында – 7 288 488,42 теңге, ақпан айында – 7 084 529,32 теңге, наурыз айында - 6 974 665,33 теңге көлемінде ауруханаға мемлекеттік сатып алу порталы арқылы келісім шарт негізінде қажетті заттар сатып алынды. Шаруашылық бөлімі меңгеруші жұмысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

*** Қоймашы жұмысындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Қоймашының 2025 жылғы 1 тоқсандағы (қаңтар, ақпан, наурыз) ұсынылған есебі бойынша:

- тағам тауарларын қабылдау;
- жарамдылық мерзімін тексеру, тағамға берілген сертификаттарды қарау;
- тағамдарға тапсырыс беру, келген тағамдарды топтарға бөліп, қалыпты температурада сақтау;
- ас мәзірімен аспазшыларға тағамдарды қолданысқа жіберу;
- қойма құжаттамасын жүргізу

Қоймашы жұмысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

*** Фармацевт жұмысындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Фармацевт маманының 2025 жылғы 1 тоқсандағы (қаңтар, ақпан, наурыз) ұсынылған есебі бойынша:

- Ауруханаға келіп түскен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қабылдау, 1С бағдарламасына тіркеу, сақтау шарттарына және олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға байланысты сақтау топтарына бөліп орналастыру;
- аурухана бөлімшелеріне қолданысқа беру;
- дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың жарамдылық мерзімін бақылау, қадағалау;
- есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізу.

“Ismet” – таңбаланған тауарларды электронды құжаттандыру орталығы

“Efis” – бірыңғай фармацевтикалық ақпараттық жүйелермен жұмыс жасау.

Фармацевт маманының 2025 жылғы 1 тоқсандағы (қаңтар, ақпан, наурыз) ұсынылған есебі, оның ішінде, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау, бақылауға жататын есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларын медициналық мақсатта қолдану, санитарлық эпидемиологиялық талаптарды сақтау, жарамсыз болып қалған, жарамдылық мерзімі өткен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды жою, тұтыну, сатып алынған, қалдықтар, ай басындағы қалдықтар есептері

жұмыс тобымен қаралды. Фармацевт жұмысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

*** Зертханашы жұмысындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Зертханашының 2025 жылғы 1 тоқсандағы (қаңтар, ақпан, наурыз) ұсынылған есебі бойынша:

- Уақытылы анализ жүргізу, материал жинау, өңдеу, ары қарай уақытылы анализ нәтижелерін дәрігерлерге жіберу.
- Ауруханаға келіп түскен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, реактивтерді, реагенттерді қабылдау, 1С бағдарламасына тіркеу
- сақтау шарттарына және олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға байланысты сақтау топтарына бөліп орналастыру
- ДамуМед бағдарламасына уақытылы анализ нәтижелерін құю

Зертханашы жұмысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2. Офтальмология ауруханасының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

*** Персоналды басқару қызметі маманының жұмысындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

Персоналды басқару қызметі маманының 2025 жылғы 16 мамыр 1 тоқсандағы (қаңтар, ақпан, наурыз) ұсынылған есебі бойынша:

- бұйрық түрлерін дайындау;
- кадрлық құжаттамаларды жүргізу;
- военкоматқа (әскери комиссариат) есеп беру;
- қызметкерлердің жұмыс уақыты есебі (табель) толтыру;
- демалыс және еңбек тәртібі және т.б.
- жоғары органдарға (ДСБ, сыбайлас жемқорлық агенттігі, еңбек инспекциясы) есептер дайындау беру;
- ішкі аудит немесе тексеріс кезінде құжаттарды ұсыну

2025 ж 1-тоқсан есебі бойынша жалпы штат саны – 129,75 бірлік, оның ішінде, әкімшілік басқару персоналы -11., дәрігерлік персонал – 26,25., орта медициналық персонал – 41,75., кіші медициналық персонал – 28, жоғары және техникалық немесе кәсіптік фармацевтикалық білімі бар мамандар – 7,5., техникалық (көмекші) персонал – 15,25.

Жалпы ауруханада барлығы 89 қызметкер, нақтылағанды: 17 – дәрігер. Оның ішінде, 1 - дәрігер декретте. Мейіргерлер – 33, оның ішінде, 3 – мейіргер декретте. Кіші буын қызметкерлер – 16, оның ішінде, 1 - уі декретте.

2025ж 1-тоқсан есебі бойынша 5 – қызметкер жұмыстан өз еркімен босатылды, 3 – қызметкер еңбек биржасы арқылы жұмысқа орналасты.

2025ж қаңтар айынан бастап ҚР ДСМ 283/2020 бұйрығына сәйкес, ауруханамыздың дәрігерлері мен мейіргерлері біліктілік деңгейін (санат) алуда.

Персоналды басқару қызметі маманының жұмысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Бірақ, бұзушылық көрінісі табылды: ақпан айында 1 – мейіргер маман сертификатының мерзімі жарамсыз екенін ескертпей бала күтімі демалысынан жұмысқа шықты. 2025ж 21 ақпандағы комплаенс офицердің қызметтік хаты және ҚР еңбек Кодексінің 48 бабына сәйкес, басшының 24 ақпан 2025ж № 16 ж/қ бұйрығы бойынша жұмыстан шеттетіліп, маман сертификатын алғаннан кейін қайта жұмысқа қосылды.

Ұсынымдар:

1. Аурухана қызметкерлері жеке құжаттамалары өзгертілген жағдайда (жеке куәлік ауыстыру, аты жөнін ауыстырған жағдайда), категория алғанда, жалпы жұмысқа қажетті барлық құжаттарды сұратылған уақытында тапсыру;
2. Шығарылған басшының бұйрықтарымен уақытында келіп тапсыру;
3. Еңбек заңнамасына сәйкес еңбек тәртіптерін сақтау;
4. Табель толтырудағы қосымша кестені (график) уақытыл қатесіз дұрыс беру.

*** Мемлекеттік сатып алу маманының жұмысындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Мемлекеттік сатып алу маманының 2025 жылғы 19 мамыр 1 тоқсандағы (қаңтар, ақпан, наурыз) ұсынылған есебі бойынша:

2025 ж 1 тоқсан бойынша мемлекеттік сатып алу порталы арқылы 175 келісім шарт жасалды. Оның ішінде, 17 – қызмет көрсету, 61 – тауар, жұмыс - 5. Тоқсан бойынша аталған келісім шарттардың 54 – орындалған, 37 – әрекет етуде, 1 – тараптар келісімі бойынша бұзылды.

Мемлекеттік сатып алу маманының жұмысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Бірақ, мемлекеттік сатып алу кезінде құжаттамда бұзушылық көрінісі табылды:

2025ж 9 қаңтарда "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті" РММ камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылық анықталғаны жөнінде хабарлама түсті, уақытында қаралып бұзушылық жойылып орындалды. 2025ж 14-23 сәуірде аралығында тексеріс, ішкі талдау барысында мемлекеттік сатып алу маманының жұмысында бұзушылық табылып тәртіптік жаза қолданылды.

*** Есеп қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауда бас есепші, аға есепші**

(материалдық есепші), еңбек ақы есептеу есепшісі 2025 жылғы 26 мамыр 1 тоқсан (қаңтар, ақпан, наурыз) бойынша есептері ұсынылды. Толық ақпарат ұсынылған есепте.


Есеп бөлімінің жұмысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Бірақ, құжаттамаларда құжаттарды жүргізу ережелері арасында сәйкессіздік көрінісі табылды: 1 тоқсан табельдерінде кетіру, өшіру, бояу және дұрыс жазылмау фактілері анықталды. Табельге ұсынылған қосымша кестелер әртүрлі формада және кәсіподақ төрайымы/төрағасы – мен келісілмеген.

Ұсынымдар:

1. Ауруханада пациенттерге медициналық көмек көрсетуге байланысты болған әрбір медициналық инциденттерді, немесе аурухана қызметіндегі жағымсыз өзгерістерге әкелген және әкелуі мүмкін медициналық кез келген жағымсыз оқиғаны ішкі аудит бойынша дәрігер сараптамашыға хабарлап мәліметтер беріп отыру;
2. Еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау;
3. Аурухана қызметкерлері жеке құжаттамалары өзгертілген жағдайда (жеке куәлік ауыстыру, аты жөнін ауыстырған жағдайда), категория алғанда, жалпы жұмысқа қажетті барлық құжаттарды сұратылған уақытында тапсыру;
4. Шығарылған басшының бұйрықтарымен уақытында келіп тапсыру;
5. Еңбек заңнамасына сәйкес еңбек тәртіптерін сақтау;
6. Табель толтырудағы қосымша кестені (график) уақытылы қатесіз дұрыс беру;
7. Жұмыс уақытын есепке алуды (табель) жүргізудің нысаны мен тәртібін персоналды басқару қызметінің маманына - әкімшілік басқару персоналын жүктеу; КДМП, жалпы клиникалық персонал, зертхана – КДМП аға медбикесіне жүктеу; Күндізгі стационар, 50 керуеттік офтальмология (стационар) бөлімін – стационардың аға медбикесіне жүктеу;
8. Табельге ұсынылған қосымша кестелер (график) ұсыну мына қызметкерлерге жүктелсін: Эксплуатация бөлімшесінің қызметі - шаруашылық меңгерушісіне; тағам ұйымдастыру қызметі – бас медбикеге. Табельге ұсынылған қосымша кестелер (график) құжаттарды жүргізу ережелеріне сәйкес формада болуы керек және кәсіподақ төрайымы/төрағасымен келісілуі керек;
9. Ұсынымдарға сәйкес қызметкерлердің жұмыс бағытын қамтамасыз ету, сондай-ақ функциялардың қайталануын болдырмау үшін, жүктемені і бөлу басшының бұйрығымен айқындау;


10. ҚР НҚА, сондай-ақ МСФО-дағы өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес - бухгалтерлік есепте барлық қаржылық операцияларды дұрыс көрсету және операцияларды дұрыс көрсетпеу тәуекелдерін болдырмау үшін кәсіпорынның есеп саясатын өзектендіру;
11. Қызметтің ашықтығы мен жариялылығы «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V Заңының 16-бабына сәйкес кәсіпорынның интернет-ресурсында ашық деректерді орналастыруға жауапты тұлға – әкімшілік жүйе инженеріне жүктеу.
12. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдар тізбесін (анықтамаға қосымшада ұсынылған лауазымдар тізбесі) айқындау.

Ескалиев Д.Г.




жұмыс тобының жетекшісі;

Канаева Г.У.



ішкі аудит бойынша дәрігер сараптамашы;

Салиманова Б.Г.



заңгер/комплаенс офицер